

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 тамыздағы N 863а қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 4-тармағының 5-тармақшасына сәйкес төрелік немесе сот іс қарауының перспективалығын алдын ала бағалау және "New Investment Horizons" швейцариялық қормен ықтимал төрелік немесе сот іс қарауында мемлекеттің мүдделерін одан әрі қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясы маңызды стратегиялық мәні бар заң қызметтерін көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен заң қызметтерін көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес заң қызметтерін көрсетуді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясының заң қызметтерін көрсетуіне ақы төлеу үшін 20000000 (жиырма миллион) теңге бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі